|---------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Балаларды қабылдау.<br>Ата –аналармен әңгімелесу)<br>Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б. | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                     |
| Таңертеңгі гимнастика                                                                 | Ақсерек-көксерек.<br>Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Қыз –қуу<br>Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды (ағашатпен) қуады.                                                                           | Сақина жасыру<br>Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды.                                         | Көтермек<br>Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.                                      | Орамал тастамақ .                                                                                                                                                                   |
|                                                                                       | Таңертеңгі жаттығулар кешені<br>Мақсаты: Балалардың дене дамуын шынықтыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                     |
| Таңғы ас                                                                              | Ойын- жаттығу:<br>Жолдарына үніліп, Екі бақа жүгіріп,<br>Секіреді, бақ-бақ. Ағаштарды аттап.<br>Олар ерте тұрады, Беті-қолын жуады.<br>Оңға-солға шайқалып, Бақылдайды ән салып.<br>Судан шіркей табады, Өсіпүлкен болады.<br>Бақ-бақ, нақ-нақ, Біз дерайттық тақпақ.<br>/Б. Бөрібаев/<br>Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау |                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                     |
| Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық                                          | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                     |
|                                                                                       | Хан «алшы»<br>Бұқл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Қыз –қуу                                                                                                                                         | Арқан тарту.<br>Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады.                                                                                                      | Тауық күрес.                                                                                                       |                                                                                                                                                                                     |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі                     | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы : «Кішкентай доппен кегельдер арасымен ирелеңдеп жүгіру.»<br>Мақсаты: Меңгерген іскерлік, ептілік дағдыларды бекітіп, шағын топпен тұру, педагогтың                                                                                                                                                                                                                              | Сурет салу<br>Тақырыбы : «Орамалды безендіру»<br>Мақсаты: Балаларды «Орамалды безендіру» суретіне салуға, түс үйлесімділігін бере білуге үйрету. | Жаратылыстану<br>Тақырыбы : «Табиғат құбылыстары»<br>Мақсаты: Балалардың «Табиғат құбылыстары» білдіретін сөздерді қолдана отырып, «Табиғат құбылыстары» туралы айту білігін бекіту | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Киім дүкені»<br>Мақсаты: Балаларды киім атауларын атай білуге, оны ажыратуға үйрету. | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы : «Жолмен жалаушаға дейін еңбектеу»<br>Мақсаты: Меңгерген іскерлік, ептілік дағдыларды бекітіп, шағын топпен тұру, педагогтың соңынан жүру, жүгіру. Тура |

|                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                   |
|--------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                    | соңынан жүру, жүгіру. Тура жолмен жүгіруді үйрету                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Музыка<br>«Әдемі көбелек»<br>Мақсаты: Менің әжем балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту.                                                                                    | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Кішкентай доппен кегельдер арасымен ирелеңдеп жүгіру.»<br>Мақсаты: Меңгерген іскерлік, ептілік дағдыларды бекітіп, шағын топпен тұру, педагогтың соңынан жүру, жүгіру. Тура жолмен жүгіруді үйрету                                                                                             | жолмен жүгіруді үйрету                                                                                                                                                                                                            |
| Серуенге дайындық. | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                   |
| Серуен             | Ауа райына бақылау жасау<br>Бақылау<br>Көктемгі ауа райы өте құбылмалы, бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды. Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып, күн сәулесін мол шашады<br>Қимылды ойын<br>«Қасқыр мен лақтар»<br>Белгі бойынша ұзындыққа секіруді жалғастыру (лақтар алаңда жүгіреді); жүргізуші қасқырдың көзіне түспей, алаңда жүреді. | <i>Күнге бақылау жасау</i><br>Бақылау<br>Күннің аңыздылығы адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру.<br>Қимылды ойын<br>«Күн мен бұлт»<br>Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады.<br>Еңбек әрекеті | Желге бақылау жасау.<br>Бақылау<br>Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады.<br>Қимылды ойын<br>«Қақпақ пен таяқ».<br>Еңбек іс-әрекеті<br>Қажеттілік бойынша жұмыс | Аспанға бақылау жасау.<br>Бақылау<br>Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету.<br>Қимылды ойын<br>«Қазым, қазым қаңкылда!»<br>Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету.<br>Балалардың ойында қырағылық, шапшаңдық таныта білдіруіне назар аудару.<br>Еңбек іс-әрекеті<br>Тұқымды қарашірікке отырғызу. | Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау.<br>Бақылау<br>Наурыз айының екінші жартысында алғашқы шоғырланған бұлттар пайда бола бастайды. Қимылды ойын<br>«Кілттер»<br>Кеністікті бағдарлап жылдам әрекет жасауға үйрету. Еңбек іс-әрекеті |
| Серуеннен оралу    | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                   |
| Түскі ас           | Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                   |
| Түскі ұйқы         | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                   |
|                    | Кемпір мен аруакертегісін оқып беру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Ізбасты ертегісін оқып беру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Еріншек ертегісін оқып беру.                                                                                                                                                                     | Ырыс қашса туыс қоймайды ертегісін оқып                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Түлкіден де өткен қу қаз ертегісін оқып беру.                                                                                                                                                                                     |

|                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                               |                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                   |
|---------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                               |                                                                                                                                      | беру.                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                   |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары                                  | 1.Керуеттегі жаттығулар ( 2-3 минут)<br>Ояну жаттығу.<br>Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды)<br>Қайырлы таң, құлақтарым! (құлақтарын сипау)<br>Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау)<br>Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау)<br>Қайырлы таң, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау)                        |                                                                                                                               |                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                   |
| Бесін ас.                                                                 | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалау                                                                                                                           |                                                                                                                               |                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                   |
| Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар. | Ойын: «Сөз қос»<br>мақсаты: сөзге сөз қосып,сөйлем құрастырту арқылы баланың зейінін,шапшаң ойлауын дамыту.шарты: балаларды екі топқа бөліп өткізуге болады.                                                                                                                                                                    | Ойын: «торсықты құрастыр»Мақсаты:ойлау қабілеттерін арттыру.Шарты: 3-4 бөліктен тұратын торсықты жылдам құрастыра білу қажет. | «Жаңылтпаштар»<br>Мақсаты: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға үйрету. шарты: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. | Ойын: «Кім жылдам?»<br>Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін арттыру<br>Шарты: «Бесік жыры» тыңдату. (3-4 рет) балалар мұқият тыңдап,жылдам қайталап айтып беру қажет. | Дидактикалық ойын:«Ыдыстар»<br>Мақсаты: Шапшаң қимылдап,ыдыстарды ажырата білу<br>Шарты: Үстел үстіне түрлі ыдыстарды қойып, екі баланы шығарамын |
| Серуенге дайындық.                                                        | Ойыншықтың түрлері.Мақсаты:Балаларды ойыншықтың түрлерімен таныстырып, ойыншықтартар әртүрлі болатынын айту.                                                                                                                                                                                                                    | Жеке баламен жұмыс:<br>Мақсаты:Негізгі қимылдардың алғашқы жттығуларды үйрету                                                 | Жеке баламен жұмыс:<br>Мақсаты:Барлық сөз таптарын қолданады; қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға үйрену                    | Жеке баламен жұмыс:Мақсаты: Тәулік бөліктерін – танертең, күндіз, кеш, түнді танып білуге үйрету                                                                   | «Мақал мәтелдер»<br>Мақсаты: Мақал-мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру                                                                     |
| Серуен, қимыл – қозғалыс ойындары                                         | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.<br>Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.<br>Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. |                                                                                                                               |                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                   |
| Серуеннен оралу.                                                          | Жалаушаны әкел (таяқ арқылы аттап өту).Бір топ балаларды (4-6 адамды) жинап алып тәрбиеші оларға жалаушаны көрсетеді, онымен ойнауды ұсынады.                                                                                                                                                                                   | Күн мен жаңбыр.                                                                                                               | Допты қуып жет.Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады.    | Кішкене өзен арқылы.Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады).                                                                          | Поезд. Тәрбиеші «Поезд» ойынын ойнауды ұсынады:                                                                                                   |
| Балалардың үйге қайтуы.                                                   | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру»                                                                                                                                                                                                                                                                             | «Баланы қалай тәрбиелеу керек?» ата-аналарға арналған кеңес?                                                                  | Психологтің кеңесі: мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.    | Балаларотбасындаөздері не істейалатындарытуралыәңгімелесу                                                                                                          | «Әшекей бұйымдар» тақырыбына сурет көрмесін ұйымдастыру                                                                                           |

**ЦИКЛОГРАММА**  
**II-апта (09.03.2020-13.03.2020ж.)**  
**Ерте жас «Бөбек» тобы**  
**Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклорлар»**  
**Тақырыпша: Ертегілер елінде. Театр әлемі**

| Күн тәртібі                                                                           | Дүйсенбі 9.03                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Сейсенбі 10.03                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Сәрсенбі 11.03                                                                                                                                                                                                               | Бейсенбі 12.03                                                                                                                                                              | Жұма 13.03                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|---------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Балаларды қабылдау.<br>Ата –аналармен әңгімелесу)<br>Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б. | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Ертегілер елінде. Театр әлемі туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| Танертеңгі гимнастика                                                                 | 8 наурыз -<br>Халықаралық әйелдер күні                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | «Сақина салу» ойыны<br>Мақсаты : Дөңгелекше етіп қолдарын уыстап отырған балаларға сақинаны салып кеткен бала сақинаны тап деп бұйырады, бұл ойында сақинаны салушы қыз, ал іздеуші жігіт. Ол іздеуші ер бала алдына сақинаны іздеп барғанда күлдіріп жүру керек. Сақина табылған жағдайда сақина иесі ән, тақпа немесе би өнерін ортаға салады. | «Монданақ» ойыны<br>Мақсаты : Ойнаушылар ойын басқарушы айтуымен тізелерін көтеріп, аяқтарының басын түйістіріп дөңгелек отырады. Аяқтарының түйіскен жеріне басқарушы отырады. Басқарушы әндетеді, барлығы қосыла әндетеді. | «Менің сүйікті ертегім»<br>Мақсаты: ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, адамгершілікке, жолдастыққа тәрбиелеу. | «Ақшымшық» ойыны<br>Мақсаты : Ойнаушылар арасынан адам өте алмайтындай етіп атырады. Барлық балаларға сақина тастау белгісі беріледі. Ол сақинаны білдірмей тек бір балаға тасталынады. Ортаға келіп «Ақшамшығымды бер» деп айқайлайды. Сонда сақинаны алған бала орнынан атып тұру керек. Ортаға өнерін салады. Ойын дамытады, сөйлеу қабілетін арттырады, миын дамытады. |
|                                                                                       | Танертеңгі жаттығулар кешені<br>Мақсаты: Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| Таңғы ас                                                                              | Ойын- жаттығу:<br>Бір, екі – еңкей,<br>Бүгілмесін тізең.<br>Үш-төрт шалқай<br>Иілмесін тізең.<br>Қолды көтер аспанға<br>Саусақты соз, жасқанба.<br>/Б.Бөрібаев/<br><br>Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ)                                                   | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | «Ханталапай» ойыны                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | «Ертегілерді сүйіп                                                                                                                                                                                                           | «Ертегі кейіпкерлерінің                                                                                                                                                     | «Сақина салу» ойыны                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |

|                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
